



А И К Ъ І Н

ЛАТЫН ҚАРПІНЕ КӨШІРУ ХАҚЫНДА

Кенес Одағы ыдырағаннан кейін қазақ жазуын латын әріптеріне ауыстыру мәселесі өзекті тақырыпқа айналды. Жақтап және қарсы дауыс бергендер болды. Кириллицаны сақтау мен латын әрпіне көшіру қажеттілігін көтерген дәйектер көптеп келтірілді. ТМД мемлекеттерінде орын алған осы пікірталастың азды-көпті тұтас мәдени, тарихи және лингвистикалық ерекшеліктері бар еді. Бірақ біз өмір сүріп отырған уақыт, дүниежүзі мен Қазақстанда болған елеулі өзгерістер осы мәселенің тобықтай түйінін шығарады.



Қазақ қоғамы өз әліпбиін тұңғыш рет ауыстырайын деп тұрған жоқ. Ол туралы Елбасы Н.Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында толық түсіндіріп кеткен. Мақаланың атауы да, мазмұны да перспективті идеяларға қанық, Елбасының ел болашағы туралы ойларын ашып көрсетеді. Көлемі шағын болса да, мақалада Қазақстан қоғамын жаңартудың біріне-бірі ұқсас емес терең мазмұнды аспектілері қамтылған. Бірақ Қазақстан басшысы мақаласының басты және айқындаушы өзегі – бұл тұтас Қазақстан қоғамын жаңғырту; ескірген, ілгері қозғалысқа кедергі жасайтын дәстүрлер мен шарттылықтардан арылу. Сонымен бірге, қазақ тілін латын әріптеріне көшіру туралы тезис мақала авторының маңызды, бірақ негізгі тұжырымы емес.

Алайда Мемлекет басшысы Н.Назарбаев латын жазуына көшудің терең тарихи қисыны бар. Олар: қазіргі технологиялық ортаның, қазіргі дүниежүзіндегі коммуникацияның, ХХІ ғасырдағы ғылым мен білімнің ерекшеліктері деп жазды. Айтқандай, латын графикасының технологиялық аспектіде, білім мен ғылым саласында, мәдени индустрияда жаппай басымдығына қазіргі таңда ешкім күмән келтірмейді. Қазір латын жазуы жалғыз христиан дінінің католиктік дәстүрімен, жалпы Батыс өркениетімен ғана байланысты емес, әлем елдері оны прогресс пен ілгері дамудың шарты деп бағалайды. Қайнары тарих қатпарларында жатқан дәстүрлі жазу жүйесі бар Қытай мен Үндістанның өзі технологиялық және экономикалық салаларын дамыту үшін латын жазуын жаппай қолдануға мәжбүр. Араб әлемі де бүгін құжаттарды рәсімдеуде, қаржы операциялары кезінде латын

графикасын еш кемістік санамастан қатар пайдаланып келеді.

Ғасырлар бойы және 1929 жылдың тамызына дейін Қазақстан аумағында араб жазуы кең қолданылып келгені белгілі. 1929 жылдан бастап КСРО ОАК және КСРО ХКК Қаулысымен латын әріптерінің негізінде құрастырылған «ортақ түркі әліпбиі» енгізілді. Ортақ әліпбиді Кавказ (Әзірбайжан), Поволжье (Татарстан, Башқұртстан), Орталық Азияның барлық республикалары пайдаланды.

Латын жазуының маңызы Қазақстанда сауатсыздықты жою ісінде әсіресе, артты; іс қағаздары латын жазуымен жүргізілді, көпданалы көркем шығармалар латын таңбасымен жарық көрді. Сәбит Мұқанов, Бейімбет Майлин және Мұхтар Әуезовтің ХХ ғасырдың 30-жылдарында шығарылған еңбектері латын әрпімен басылды.

Алайда сталинизм мен орталықтанған биліктің күшеюі салдарынан 1940 жылы кириллицаға өту туралы шешім қабылданды.

КСРО ыдырап, Қазақстан Республикасының әлемдік қоғамдастыққа кіруіне орай латын жазуына көшу мәселесінің өзектілігі жаңа серпін алды. Мәселені Қазақстан қоғамы да, дипломатиялық корпус та, кәсіпкерлер де талай қозғады. Сондықтан барша қазақстандықтардың пікірін ескере келіп, Елбасы Н.Назарбаев 2012 жылдың желтоқсанында өзінің жыл сайынғы Қазақстан халқына Жолдауында 2025 жылдан бастап латын әліпбиіне көшуді тапсырды.

Елбасының бұл ойы айтылғаннан бері 5 жыл өтті. Президент тапсырмасы туралы көп айтылды, бірақ нақты іс жасалмаған еді. Тек жеке бір ғалымдар қазіргі қазақ тілінде бейімделген жаңа әліпбиді жасауға әрекеттенген. 5 жылдан кейін мемлекет бұл жұмысты қайта бастады. Президент бір жағынан оның маңыздылығы мен көкейкестілігі, екінші жағынан алдыңғы жұмыс нәтижесіне көңілі толғанын айтты.

Қазақ әліпбиін латынға ауыстыру барысында азаматтардың ашуын тудыратын асығыс қадамдар болмайтынын бірден атап өткім келеді. Бұл мәтінінде ақын Олжас Сүлейменов атап өткен «латын мен кириллица арасындағы күрес бүкіләлемдік сипатқа ие» деген ойымен келісу қиын. Бұл күрес қайда кең таралып отырғаны мүлде белгісіз. Алайда Еуропаның поляк, чех, словак, словен, хорват т.б. көптеген славян халықтары көп ғасырлар бойы латын әліпбиін қолдануда және одан қандай да бір карама-қайшылық тауып отырмағанын атап өтеміз. Одан әрі Ресей мен Украинада орыс және украин тілдерін латын әліпбиіне ауыстыруға пікірталастар қайта-қайта туындайды.

Олжас Сүлейменов «ж» және «з» әріптері қыпшақтардан шыққанына оқырмандардың ерекше назарын аудартады. Бірақ сонымен бірге, бұл әріптер латын белгісінде тамаша көрсетілген.

Қыпшақ тіліндегі (қазақ тілі қыпшақ тілдік топқа жатады) көптеген сөздер латыннан шыққан. Мәселен, «ф» (философия, факт), «п» (проект, постулат) әріптері бар сөздер қыпшақтардың тұрмысына латын графикасымен жазатын халықтардың лексиконынан кірген. Мысал үшін латын әріптерін қолданып,

қыпшақ тілінде жазылған орта ғасырлық «Кодекс куманикус» жазба ескерткішін қарау жеткілікті. Осындай көптеген мысалдар келтіруге болады. Қазіргі Қазақстанда латын әліпбиі мен кириллица көптеген уақыт қатар қолданылатын болады. Кириллицада миллиондаған данамен ғылыми кітаптар, көркем шығармалар жасалған. Бұл біздің үлкен байлығымыз. Әлбетте, ешкім де мұндай мұрадан бас тартпайды. Қазақстанда, сондай-ақ Орталық Азия, Кавказ республикаларында діни орындарда араб графикасы қолданылады. Бұл өте қалыпты және орынды дәстүр. Арабтың өрме жазуын кеңес кезінде біздің ата-аналарымыз қолданған (айтпақшы латын әліпбиінде). Сондықтан да әртүрлі әліпбилердің қатар өмір сүруі бір-бірімізді толықтыра түседі.

Латын әліпбиіне ауысуда сыншыларды алаңдататын басты мәселелердің бірі кирилл әріптерімен басылған кітаптар, туындылар, ғылыми еңбектерді қайта бастыру мәселесі болып отыр. Жоғарыда атап кеткеніміздей кирилл әліпбиімен басылған кітаптар біздің игілігіміз және біз оны қолданатын боламыз. Бұл сұрақ та 1920 жылдары латын әліпбиіне өткен Түркия тәжірибесі маңызды көрініс болып табады. Олар араб графикасы негізінде жарияланған көп ғасырлық османдық ғылыми және әдеби мұраларын жоғалтпады. Қазіргі кезеңдегі компьютерлендіру, бағдарламалық қамтамасыз ету деңгейі, техникалық мүмкіндіктер ірі көлемді мәтіндерді лезде транслитерациялауға мүмкіндік береді. Бір тілден екінші тілге аудару үйреншікті дүниеге айналғанын интернет қолданатын адамдар біледі. 1990 жылдары Өзбекстан, Түркіменстан, Әзірбайжан елдеріне ұлттық әліпбиін латынға ауыстыру неғұрлым қиын болған еді. Тап осы жағдайда Қазақстан неғұрлым тиімді жағдайда болып табылады. Мысалы, заманауи IT-технологиялар 1990 жылдарға қарағанда әліпбиді аудару, басқа да жұмыстарды анағұрлым арзанға жасауға мүмкіндік беріп отыр. Сонымен бірге, қазақ тілін латын әліпбиіне ауыстыруды жүргізетін қаржылық шығындар тіл реформасын тежемеуі керек. Латын әліпбиіне өту – уақыт талабы. Ол халықаралық аренада Қазақстанның бәсекеге қабілеттілігі мен субъектілігін айтарлықтай нығайтады. Біздің өзіндік бай тарихи және халықаралық тәжірибеміз бар, сондықтан біздің міндет өзгеше соншалықты ауқымды реформадан әдеттегі қателіктер, келеңсіз үрдістерден құтылу бай тәжірибемізді сауатты пайдалану.

Б.АЯҒАН,

**ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институтының директоры,
тарих ғылымдарының докторы, профессор**